БЕКІТЕМІН
Абай атындағы мәдени-демалыс кешені директоры
_____А Кулбаев
«___»_____2025ж.

«Ақтау-Түркі әлемінің мәдени-астанасы» аясында «Амал келді, жыл келді» фестивалі (шығармашылық ұжымдардың қойылымдары, халық қолөнері бұйымдарының көрмесі)

Ақтау қаласы,
2025 жыл.

«Ақтау-Түркі әлемінің мәдени-астанасы» аясында «Амал келді, жыл келді» фестивалі (шығармашылық ұжымдардың қойылымдары, халық қолөнері бұйымдарының көрмесі)

«Алтыбақан» этнографиялық ойын сауық отауының сценарийі

ПРОЛОГ

ЗКТ: Амал келді, жыл келді! Халқымыз үшін жыл басы Ұлыстың ұлы күні болса, Маңғыстаулықтар үшін Амал мерекесінен бастау алады. Бұл жер аяғы кеңіп, тіршіліктің жаңадан түлеуге бет бұрған күні. Бабаларымыз дәл осы күні құшақ айқастыра көрісуге асыққанды. Көрісу бір жағы ескі жылдан аман шыққан елдің қуанышы болса, бір жағы ағайын-туыс, ел-жұрт арасына сыйластық, мейірім дарытатын мереке. Ия, жамағат! Келіп жеткен жылыңыз құтты болсын!

ЗКТ оқылып жатқанда, сахнаға қазақша ұлттық киім киінген ата-әжелер, қыздар мен жігіттер, балалар мен жеңгелер тобы шығады.

Ағаш үй жанында әжелер ансамблі отырады, бірі ұршық иіріп, бірі бесік тербетіп, енді бірі қазан жанында бауырсақ пісіріп тұрады. ЗКТ аяқталғаннан кейін әжелер ән салады. Дәл осы кезде балалар ортаға жүгіріп асық ойнауға кіріседі.

Әжелер ансамблі хор – 01:30 минут - Халық әні «Илигай»

Әжелер ән салып жатқанда, кішкентай бала жүгіріп шығады:

- Ахеййй, Амал келді, жыл келді. Әз-Наурыз келді. Жүріңдер ауыл үлкендеріне барып көрісіп қайтайық.
- Жүріңдер, кеттік, көрісіп қайтайық – деген жан-жақтан түрлі дауыстар естіледі.

Барлық сахнадағы кейіпкерлер бір-бірімен көрісіп, төс қағысады. Сахна ортасында үлкендер жанына келген жастар олардан Амал мерекесі туралы сұрақтар қояды.

Немере жігіт: Ата бүгін бүкіл Амал мерекесін тойлауда. Осы Амал мерекесінің 14 наурызда тойлануының себебі не?

Ата: Еее, балам, тарихқа көз салсақ, 14 наурыз – Амал мерекесін тойлаудың бір себебі, күнтізбенің алмасуында жатыр. Әлем жұртшылығы шаруаның жайына қарай; қардың еруі, өзендердің тасуын ескеріп, осы құбылыстардың қайталануын жыл деп есептеп, табиғи күнтізбе жасаған. 14 наурыз күні – Ай мен Үркердің қиылыса өтуін қазақ халқы «тоғыс» деп атаған. Тоғыс осы 14-15 наурызға сәйкес келеді. Халық осы уақытты қыс жұлдызы бітіп, жаз жұлдызы туды деп есептеген.

Немере қыз: Ия, түсіндік ата. Ал не себепті адамдар көріседі?

Әке: Балам сұрағың дұрыс. Бұрындары жаз жайлауда көршілес қонған ауылдар қыз алысып, қыз берісіп құда болады. Ал қыста әр ру өзінің қыстауына көшеді екен. Кей жылдары қыс қатты болып, жұттан мал қырылып, адам шығыны да болады екен. Көктем шығып жердің тоңы қайтқасын, аузы аққа жетіп, қыстан аман шыққан ел, мал-жан аман ба деп бірін-бірі түгендеп көріседі екен. Қазақ халқы көрісу арқылы бір-біріне: «Жыл құтты болсын, шаңырағың ырыс-берекеге толсын деп тілек тілейді. Бұл күні реніште жүрген жандар бас араздығын ұмытып, татуласады. Сондықтан көрісу - ағайын мен туыс арасындағы байланысты бекіте түсетін дәстүр. Адамдар үй-жайларын тазалап, сандықтағы жаңа жақсыларын шығарады, кебеже түбінде қыстан қалған тағамдарын асып, дастархан жаяды.

Немере қыз: Түсінікті ата. Ендеше біз барып үлкендерге көрісіп келейік.

Ата: Ал балаларым, асықпаңдар, мен сендерге амалдың батасын берейін.

Әумин бата берейін,
Жақсылықты терейін.
Жаңа жылда жаранда,
Үстем болсын мерейің
Жақсылыққа бас болып,
Ауылымызда ас болып,
Келген амал құт болсын,
Жүгенелік ақылға,
Араздыққа жол беріп,
Отырмайық тақырға.
Ермен бірге жаңарып,
Көңілде кір қалмасын,
Әумин!

Немере жігіт: Рахмет ата. Ендеше ұлық мерекеміз құтты болсын. Мал-жанымыз аман болсын. Мереке қарсаңында ару көктем бізге жақындап келеді. Қош келдің көктем. Сағынышым үстемеленіп сені күттім. Сенің мейірімің, жылулығың мен күн шуағың еді ғой қанша жүректің аңсағаны, сен соларға қайырлы болшы. Армандарды орындап, жүректерді жалғашы.

1. **Халық әндерінен попурри – орындайтын Үркер – АРТ эстрадалық-вокалдық студиясы**

Ән басталғанда жеңгелер бауырсақ таратуға төменге халық арасына түседі.

Артынша сахнаға кішкентай балалар хоры, бишілер, домбырашылар ансамблі және солисттер шығады.

Ән аяқталуға жақындағанда әжелер көрермендерге шашу шашады.

Жастар Алтыбақан жанына келеді.

Жігіт: Ассалаумағалейкум, халқым менің,
Ақтарған кең даламның алтын кенін.
Мереке басы болсын берекенің
Ардақты «Наурыз» тойы – салтыңды елім.

Қыз: Наурыз келді, көктем келді ағайын,
Жадырайды, жаңғырады маңайым.
Назды, сазды науан Наурыз, армысың?
Сұлу мүсін саған біткен бар мүсін.

Қыз: Қыздар, жігіттер «Алтыбақан» жанында бас қосқан екенбіз енді не қарап тұрмыз думанды тойымызды бастайық.

Жігіт: Ғашықтар бас қосатын алтыбақан,
Қыз: Жақсылар достасатын алтыбақан.
Жігіт: Жаныңа жас қосатын алтыбақан,
Қыз: Күн бата, түн қата тербелетін алтыбақан

Жігіт: Жаралған жалын жырдан алтыбақан,
Қыз: Жастардың жанын бұрған алтыбақан.
Жігіт: Бұл күнде сағындырған алтыбақан,
Қыз: Әнім де, сәнім де ***(Бәрі бірге)*** өзің алтыбақан.

Жігіт: Әсем Ақтау жерінде
Той болады бүгінде
Еңсесі биік елімнің
Наурыз мерекесінде

Қыз: Ендеше бүгінгі мерекеге арнап тамаша бір әніңді шырқап жібер.

1. «Ақтілек» әні – орындайтын «Саз» этно-ансамблі

Қыз: Жарайсың, әнің қандай тамаша еді. Қыздар, жігіттер жыл басы **жылан** жылында берекелі де, мерекелі жыл болады деген сенімдемін.

Жігіт: Әрине, мұның өте дұрыс. ***Және де біздің сүйікті қаламыз Ақтау қаласы 2025 жылдан бастап Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде белгіленді.***

Жігіт: Түркісой рухты елдің асқақ үні,
Мәдени мұраларын біріктірген
Құрылтай қалың елдің қосқан күні
Тарих пен болашақты кіріктірген

Қыз: Ақмаржан ару Ақтау құшақ жайды
Түркінің бар асылын жиып төрге
Бірлігі бекем болған асыл елдің
Қашанда өрмелейді тасы өрге

Қыз: Мәссаған, не деген өлең шумақтары қандай керемет.Қыздар, жігіттер біздің киелі өлкемізге және әсем қаламызға не жетеді, олай болса мақтан тұтып өлеңмен өрнектесек қайтеді.

2. Ән «Алаш айбары» - орындайтын Армен Саакян и Халықтық ұжым «Ди-Фэмили Крю» би ансамблі

Жігіт: О, менің Маңғыстауым, Маңғыстауым,
Мақтанып,марқаярым, алға ұстарым.
Күй болып төгіледі алғыстарым,
О, менің Маңғыстауым,Маңғыстауым.

Маңғыстау құтты мекен шаңырағым
Ізет қып басымды иіп табынамын.
Түлеген түбегіме үнім қоспай,
Мен қалай шабысымнан жаңыламын.

Бұл жырым,енді өзіңе шашу болсын,
Мәртебең,Маңғыстауым,асыл болсын!
Отауы ынтымақтың келешегі,
Бір емес,бірнеше мың ғасыр болсын!

Қыз: Ақтау...
Көз салсам ұзап жағадан,
Сұлусың Ақтау ақ арман.
Тағдырдан терең нәр алған,
Қазағым үшін жаралған.

Жасардың түлеп Ақтауым
Сырымды саған сақтадым,
Қарсы алып өмір ақ таңын,
Жасара берші Ақтауым!!!

Жігіт: Па, шіркін не деген керемет өлеңдер! Осындай сөз жетпейтін туған өлкемізге арнау арнасақ та артық болмас.

Қыз: Дұрыс айтасың, кәнекей ортамызда кім бар екен?

Жігіт: Олай болса мен орындап берейін.

3. «Арнау» - орындайтын Жасұлан Таласпаев

Армысың жұртым алқалы,
Жерімде бүгін жиылған
Ниеті аппақ жандарға,
Дегенде жырым құйылған
Досына құшақ ашатын,
Бабамның салты бұрыннан
Құтты да болсын тойларың,
Кеңесіп барып құрылған.

Қолыма алдым домбыра,
Қазағың деген сол болар.
Он екі перне,екі ішек,
Бойынан тілек жолданар.
Амандық,саулық,шын достық,
Күндерге келер жалғанар.
Ақ айдын Каспий төсінде
Термелер тоқсан төгіліп,
Ағылатын ән болар.
Тоғысса тілек оң болып,
Баршамызға да сән болар.

Маңғыстау деген киелі,
Төрткүл дүние біледі.
Ұрпағы үшін қашаннан,
Солқылдап соққан жүрегі.
Келешегіне қарасаң,
Алдынан алтын түбектің,
Арайлы күндер күтеді.
Үш жүз де алпыс әулие,
Маңғыстау жері киелі.
Байлыққа тұнған қойыны,
Қазақтың майлы түбегі
Қош келдіңіздер баршаңыз
Қарсы алып жатыр Сіздерді,
Бақыт пен Шаттық,Нұр елі!

Ақтауым асыл мекенім
Астанасы Түркі елдің
Өзіңді мақтан етемін.
Жырымды солай баршаңа,
Бағыштауға мен жарадым,
Аршынды болсын лайым,
Ілгері бассын әр адым,
Келбеті жайнап даланың

Ажары тасып қаланың
Гүлдене берсін алабым,
Келешек күндер сыйласын
Бақыттың тәтті бал әнін,
Бәріңе айтар бір тілек:
-Тек құтты болсын қадамың!

Жігіт: Қыздар-ау, өздерің байқап тұрғандай біздің жігіттер сегіз қырлы, бір сырлы. Солай ма, жігіттер?

Қыз: Иә, жігітім құдайға шүкір, қазіргі егеменді елімізде тереземіз теңелді. Әу, бастанда қазақ халқы өнерлі емес пе?

Сан түрленіп құбылып
Мың бұралған бишілер
Қызыл – жасыл көйлегі
Желбіреген бишілер – деп, сендердің құрметтеріне көркем биімізді ұсынамыз.

Жігіт: Олай болса сұлулардың биін тамашалайық.

4. Би - попурри – орындайтын Абай ат. МДК би ұжымдары

Жігіт: Жігіттер, шынында да мына сұлуларды аққу дерсің.

Қыз: Абайла жігітім тіл көзің тиіп кетпесін.

Жігіт: Сізді көріп сермеді жыр құлашын,
Кеудемде бір қамданып тұрды лашын.
Наурызда жөн сұрау айып емес,
Амансың ба? Атың кім Құрбыласым!

Қыз: Жыр дегенің әнің бе жер тепкізген,
Жөн сұрайтын бар ма адам еркек бізден.
Жас кезінде атам ат сұрамай-ақ,
Сыйлық беріп әжемді селт еткізген.

Жігіт: Не десең де теңсіңдер, еріктерің,
Сый жинауға алаңға келіп пе едің?
Өйтетіндей ескеріп ерте тұрып,
Өзің маған шай құйып беріп пе едің?

Қыз: Бейтанысқа біз қашан «таян» дедік,
Қозы келсе болар ма Баян да ерік.
Ұйқың әлі, жігітім, ашылмаса,

Тұрмын ба мен түсінде аян беріп?!

Жігіт: Ағаттығым болды-ау бұл бір істеген,
Ендігіде жөніммен дұрыс келем.
Наурызың, құрбылас, құтты болсын,
Танысармыз «бір көрген біліс» - деген...

Қыз: Ағаттық жасаған екенсің, ендеше айыбыңды төле.

Жігіт: Әр уақытта да жігіттердің достығы берік болады, арулар біздің гүліміз емес пе? Сондықтан айыбымызды өтейік. Айыбымызды өтеу үшін _____ ағамызды ортамызға шақырамыз.

5. Ән «Махаббат майданы» –орындайтын Нұрлан Қожантаев

Қыз: Міне, тамаша әдемі сезімге бөлегенге не жетсін.

Жігіт: Қыздар, жігіттер бұл не тұрыс, осындай керемет кешімізді ары қарай ойынмен жалғастырсақ қайтеді, а?
Қыз: ойын сұраған екенсіңдер, ендеше мен сендерге сақина салмақ ойынын ұсынам. Барлықтарың ойынның шартын білесіңдер ғой,я?
ИЯЯ
Қыз: Ал ендеше мен ойынды бастаймын, барлықтарың көздеріңді жұмыңдар. Қане мен бастадым.

Қатысушылар сақинаның кімге түскенін болжап, аттарын айтып шығады.

Қыз: ал мен барлықтарыңа салып болдым. Бір, екі, үш, сақинам ортаға шық. Сақина түскен жігіт қашып шығып, оны ешкім ұстай алмайды. Ойын жалғасады. Осы ойында қызға сақина түсіп, ортаға шыққанда ұсталып қалады.

Жігіт: Қолға түсті аққұсың
Басыңа қонды бақ-құсың- жарайсың намысты қолдан бермедің. Енді сұлу бикештен айыбына тамаша бір ән сұраймыз.

6. «Дәл мендей» - орындайтын Жансая Айтуарова

Жігіт: Па шіркін, бұл - бұлдай сайраған даусың қандай? Жігіттер-ау мына сұлуларды бізде сынап көрсек қайтеді. Бізде тамаша ойындарды білеміз, қыздар сендер оған қалай қарайсыңдар?

Қыз: Біздер ойыннан ойнаудан қашпаймыз, жеңіледі екен,- деп ойламаңыздар. Ендеше бастаңыздар.

Қыз: Олай болса жігіттердің күшін сынап көрелік. Өзіміздің ұлттық ойынымыз «Арқан тартыс» ойынын ойнасақ қайтеді.
Барлығы келіседі.

Арқан тартыс ойыны

Қыз: Жарайсың жігітім! Нағыз жүйрік екенсің. Ендеше уәдемізді орындайық, сендерге арнап сұлу қыздарымыз мың бұралып би билеп берсін.

7. Би «Ерке қыздар» – орындайтын «Аққу» би ансамблі

Жігіт: Әәә, мына мың бұралған бишілердің биі қандай тамаша еді.

Жігіт: Жігіттер! Қыздардың әнін-биін тамашалаған әрине жақсы, бірақ бізде қарап тұрмай өнерімізді ортаға салайық.

Жігіт: Мінген атым астымда жорға Берен
Аулыңның шығысы терең өзен.
Әлі есімде ән шырқап кездескенім,
Қайта айналып келе ме сол бір кезең.

Қыз: Шалқытып мерекеде ән салайық,
Өнерпаз өрендерге тамсанайық.
Әлі есімде шырқаған әнің сенің
Тыңдауға жалықпаймын серім менің

8. Ән «Наурыз» – орындайтын Асанәлі Көшеров

Қыз: Жарайсыз аға, әнді өте тамаша орындадыңыз. Қыздар, жігіттер ендігі кезікті әзілге берейік, көңіліміз бір жадырап қалсын.

Жігіт: Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.
Өлеңде әзір, әнде әзір,
Ойында әзір, бар әзіл.
Тарту етіп халқыма
Бастайықшы жаңа әзіл.

9. Сықақ– орындайтын Халықтық ұжым «Өркен» жастар театры Көпен Әмірбек – Магниттің махаббаты

Қыз: бізде жігіттерден қалысамыз ба? Ендеше менде бір мысал оқып жіберейін.

Ахмет Байтұрсынұлы – Өгіз бен бақа

Жігіт: Міне қандай тамаша, бүгінгі Наурыз мерекесін думандатып ән-күйге бөлейік, солай емес пе? Бір –бірімізбен сөз жарыстырып тұрғанша өнерлеріңді ортаға салыңдар.

Қыз: Өнер құдіреті тамсандырады,
Жағаң тұрмақ, жаныңа да ән салдырады.

Жігіт: Ықыласпен, мейіріммен толса құлқын,
Күліп жүрсек,келсе де қанша күлкің,
Адамзатты аңсатып Жер бетінде
Наурыз ғана Бас Мейрам болса шіркін!

10. Ән «Дүрдараз» – орындайтын «Саз» этно-ансамблі
11. Ән «Сәйгүлік» – орындайтын «Саз» этно-ансамблі

Жігіт: Жарайсыңдар қыздар,жігіттер! Өнерлеріңді халқым сүйіп тыңдасын.

Қыз: Рас, айтасың. Жігіттер, қыздар жыл басы Жылан жылы мерекеге толы. Әсем қала Ақтаумыз Түркі елінің астанасы болып жатыр ендеше қане дүркіретіп өткізейік. Қараңыздаршы ару қаламыз күннен күнге сұлуланып келеді емеспе?

Жігіт: Дұрыс айтасың, көңілімді жігерлендіріп жібердің. Шабытымның келіп тұрғаны киелі өлкемізбен, сұлу қаламызға арнап жырдан шашу шашайық.

Қыз: Армысың, асыл қалам, айналайын!
Қашанда тұлпар-жырым тойға дайын.
Алаштың азаматы бас қосқанда,
Қалайша қайрат қылмай, жай табайын!

Жігіт: Маңғыстау алтын күміс балқыған жер,
Байлықтың майы шығып шалқыған жер.
Өзіндей жер жаннатын қайдан табам,
Мен үшін бар керегім табылған жер.

Жігіт: Бүгінгі мерекемізде арнап ән шырқайық.

12. Ән «Наурыз» - орындайтын Томирис триосы

Қыз: Оу, қыздар,жігіттер Алтыбақан аясында ән айтып, би билеп,ойынды қыздырып көңіліміз бір серпіліп қалды,солай емеспе?

Жігіт: *Қыздар, жігіттер, ән айтып би билейміз дегенше, күннің қалай батқанын байқамай қалыппыз. Ақсүйек ойнайтын уақытта келіп қалды. Ендеше кеттік Ақсүйек ойнайық.*

Жастар ақсүйек ойнауға кеткенде, сахнаға Әжелер тобы шығады.

Әжелер:

- Жаңа ғана осында жүр еді ғой жастар, қайда кеткен?
- Сол баяғы ақсүйек ойнауға кеткен болу керек, кеш батты ғой.
- Қап-ай, ааа ... Бір әдемі ән сұрауға келіп едім.
- Кел оданда өзіміз Наурызға арнап керемет ән орындап жіберсек қайтеді.
- Табылған ақыл ...

13. Халық әндерінен попурри – орындайтын «Әжелер» ансамблі

Ән аяқталғаннан кейін:

- Ай қандай тамаша ..
- Ән деген көңілдің ажары деп бекер айтпаса керек.

Сахнаға екі жас қыз шығып:

- Әжелер, сіздер мында неғып тұрсыздар, жүріңіздер қаламызға керемет әншілер мен бишілер келіпті
- Мынауың керемет жаңалық қой, мынау не тұрыс кеттік ...

«Алтыбақан» этнографиялық ойын сауық отауы концерттік бағдарламамен жалғасады.

Пролог. Хабарлаусыз.

2. **Би «Каспий еркелері» - орындайтын Халықтық ұжым «Айша қыз» би ансамблі**

Жүргізушілер сахнаға шығады

1-жүргізуші: Армысыздар, қадірлі көрермен.

2-жүргізуші: Қайырлы кеш, ардақты ағайын. Сіздерді Көрісу күнімен, Амал мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн – татулық пен бірліктің, береке мен мейірімнің мерекесі. Ата-бабамыздан келе жатқан бұл дәстүр – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, реніштерді ұмытып, жаңа күнді жақсы көңіл-күймен қарсы алу.

1-жүргізуші: Амал мерекесі – қазақ халқының көне дәстүрлерінің бірі. Ол 14 наурыз күні тойланады және халық арасында "Көрісу күні" деп аталады. Бұл күн – адамдардың бір-бірімен құшақтасып, амандық-саулық тілесетін ерекше мереке.

2-жүргізуші: Көрісу – бұл жай ғана амандасу емес, бұл бірлікті, сыйластықты, татулықты нығайтатын дәстүр. Адамдар бір-бірін арнайы іздеп барып, құшақтасып, амандық сұрасады. Бұл күні өкпе-реніштер ұмытылады, туыстық байланыстар күшейеді.

1-жүргізуші: Бұл мейрам әсіресе Батыс Қазақстан өңірінде кеңінен тойланады. Бірақ кейінгі жылдары бүкіл Қазақстан бойынша аталып өтуде. Амал мерекесі – қазақ халқының бауырмалдық, мейірімділік пен достық сияқты асыл қасиеттерін дәріптейтін ерекше дәстүр.

3. **Ән «Маралдым» - орындайтын Мұхит Айгерім**
4. **Би «Каспий еркелері» - орындайтын Халықтық ұжым «Айша қыз» би ансамблі**
5. **Ән «Көзіннің мөлдірін – ай» - орындайтын Үлгілі ұжым «Радуга» БШС және «Жетісаз» жетігеншілер ансамблі**
6. **Ән «Тақия» - орындайтын «Тәтті» вокалды тобы**
7. **«Золото великой степи» - орындайтын Үлгілі ұжым «Колибри» сән студиясы**
8. **Ән «Қазақ қыздары» - орындайтын «Томирис» вокалды тобы**
9. **Ән «Наурыз амал» - орындайтын «Ертегілер» вокалды тобы**
10. **Ән «Қазақтың қыздары» -- орындайтын Халықтық ұжым «Айшақыз» би ансамблі**
11. **«Қуанышым менің» - Үлгілі ұжым «Молодость» джаз ансамблі**
12. **Ән «Пай-пай» - орындайтын «Ертегілер» вокалды тобы**
13. **Ән «Жайдарман» - орындайтын «Ертегілер» вокалды тобы**

14. Ән «Төрлет Наурыз» - орындайтын Алина Талғатқызы

15. Ән «Қазақ елім» - орындайтын Үркер-АРТ эстрадалық-вокалдық студиясы

<u>Жүргізушілер сахнаға шығады</u>

1-жүргізуші: Ардақты ағайын! Сіздерді татулық пен бірліктің, береке мен мейірімнің мерекесі – Амал мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мейрам – жаңарудың, жақсылықтың, ырыс пен берекенің бастауы болсын.

2-жүргізуші: Көктемнің шуақты мерекесі әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен молшылық әкелсін! Ақ дастарханданыңыз аққа толсын, көңілдеріңіз шаттыққа бөленсін! Араларымыздағы татулық пен сыйластық арта берсін!

1-жүргізуші: Амал мерекесі әр шаңыраққа қуаныш, молшылық пен жақсылық әкелсін! Жүздеріңізден күлкі кетпесін, денсаулықтарыңыз мықты, дастарханданыңыз берекелі болсын!

Жүргізушілер бірге: Амал келді, жыл келді! Жыл құтты болсын!